



БИЫЛ ӨҢІРДЕ 7300 ТҮП КӨШЕТ ЕГІЛДІ



аясында 1350 ағаш егілді. Облыс әкімі Асхат Шахаров оқушылармен бірге көшет егіп, жас буынды табиғатқа жанашырлықпен қарауға шақырды.

— «Мектеп орманшылығы» — ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының бастама-сымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында ұйымдастырылған маңызды іс-шара. Биыл сәуірде басталған «Мектеп орманшылығы» жобасына облысымызда Ақтөбе қаласы мен бірнеше ауданнан 400-ден астам оқушы қатысып, қазірге дейін 850 түп ағаш егілді. Бүгін біз сол еңбектің нәтижесін — бой түзеп, жапырақ жайған көшеттерді көріп отырмыз. Жоба бір реттік шара емес, әлі де ауқымды ағаш егу науқанын өткіземіз. Жас ұрпақтың жасыл желекті жауапкершілікпен күтіп-балтауы — болашақ үшін қажетті іс, — деді облыс әкімі.

Акцияға қаладағы орта мектептерден 102 оқушы қатысып, 3,2 гектар аумаққа 100 түп терек, 100 шаған, 30 түп қайың екті. Шара алдында №80 орта мектептің биология пәні мұғалімі Мәді Өтесін экологиялық тақырыпта танымдық дәріс оқып, оқушыларға табиғатты қорғаудың маңызын түсіндірді.

ДАЙДАР.

Облыс әкімі Асхат Шахаров Алтын Орда шағын ауданындағы «Денсаулық» саябағында ағаш егу іс-шарасына қатысты. Сондай-ақ оқушылармен бірге «Мектеп орманшылығы» жобасы аясында көшет екті.

Алтын Орда шағын ауданында өткен сенбілікке ардагерлер кеңесінің мүшелері, «Жастар рухы» жастар қанатының өкілдері мен жастар ресурстық орталығының қызметкерлері белсенді атсалысты. Олар саябақ аумағын ретке келтіріп, ағаш көшеттерін екті.

Сенбілік барысында 200 түп үйеңкі мен ақ қайың көшеті егілді. Жалпы өңір бойынша 770 гектар аумаққа барлығы 7300 түп көшет егілді.

— Мемлекет басшысының

тапсырмасы бойынша бүгінде еліміздің барлық өңірінде экологиялық жағдайды жақсартуға және көгалдандыруға бағытталған ауқымды жұмыс жүргізілуде. Әрбір тұрғын өз елді мекенінің тазалығы мен көркеюіне жеке жауапкершілікпен қарауы өте маңызды. Тек бірлескен еңбектің арқасында біз нақты әрі тұрақты нәтижеге қол жеткіземіз. Мұндай сенбілік адамдарды біріктіріп, экологиялық мәдениетті қалыптастырады, та-

биғатқа жанашырлықпен, жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді, сондай-ақ қалалар мен ауылдардың көркеюіне үлес қосады, — деді Асхат Шахаров.

Айта кету керек, 2021 жылдан бері облыс аумағында 332 мыңнан астам ағаш егілген. Биыл көктемде тағы 55 мың түп ағаш егілді. Ал күзгі маусымда 113 мың көшет егу жоспарланып отыр. Бұл шаралар 13 қыркүйек-15 қараша аралығында өтіп жатқан «Таза Қазақстан» акциясы аясында күзгі екі айлықта жүзеге асырылмақ.

Сондай-ақ өткен сенбі күні Орман шаруашылығы аумақтарында «Мектеп орманшылығы» жобасы

Футбол

ЖЕҢІМПАЗДАРМЕН ЖҮЗДЕСУ

Облыс әкімі Асхат Шахаров биылғы маусымның қорытындысы бойынша Қазақстан чемпионатының жеңімпазы атанған «Ақтөбе» әйелдер футбол клубының ойыншыларымен және бапкерлік құрамымен кездесті.

Асхат Шахаров спортшыларды тарихи жетістігімен құттықтап, бұл жеңіс бүкіл өңір үшін зор мақтаныш екенін атап өтті.

— «Ақтөбе» клубының жеңісі — біздің облыс үшін ғана емес, жалпықазақстандық футбол үшін де маңызды оқиға. Бұл — спорттық жетістіктен гөрі өзіне сенетін жастарға үлгі. Сіздердің нәтижелеріңіз — кәсібилік, табандылық және мықты командалық рухтың көрінісі. Сіздер шабыт сыйлап, әйелдер футболының елімізде жаңа деңгейге көтерілгенін дәлел-



деп отырсыздар, — деді Асхат Шахаров.

Маусым бойы ақтөбелік футболшылар жоғары деңгейде өнер көрсетіп, 26 ойында 24 рет жеңіске жетіп, 225 гол соғып, 2 матчта тең нәтижемен аяқтады.

«Чемпионаттың ең үздік сұрмергені» 72 голдың авторы Алина Литвиненко атанды.

Қазақстан әйелдер командалары арасындағы чемпионат көктемде басталып, алғашқы кездесуден-ақ ақтөбеліктер ал-

тынға басты үміткер екенін көрсетті. 12 қазандағы «Астанаға» қарсы 6:0 есебімен аяқталған ірі жеңіс командаға қарсыластарын басып озып, ел тарихындағы алғашқы чемпиондық атақты әкелді.

Кездесу барысында облыс әкімі бапкерлік құрамға, медициналық қызметкерлерге, көмекші мамандарға және осы жетістікке үлес қосқан барша маманға алғыс айтты.

«Ақтөбе» әйелдер командасы 2024 жылы ақпан айында құрылды. Алғашқы маусымында-ақ олар ел біріншілігінде күміс жүлде иеленіп, 2025-2026 жылғы маусымда УЕФА Әйелдер чемпиондар лигасына қатысу құқығын жеңіп алды. Іріктеу кезеңінде ақтөбеліктер италиялық «Рома» (0:2) және даниялық «Норшелланн» (2:4) командаларымен кездесті.

Асхат Шахаров клубтың жеңісі жастарға қуатты серпіні беріп, қыздардың спортқа қызығушылығын арттыратынына сенім білдірді. Сондай-ақ спортшыларға жаңа табыс пен жарқын жеңіс тіледі.

А.ЛИЯСҚЫЗЫ.

Турнир

ҚАЙСАР ЖАНДАР ЖАРЫСЫ

Ақтөбе қаласындағы Үстел теннисі орталығында балалар мен ересектер арасында паралимпиадалық спорт түрі — боччадан турнир өтті. Шара қазан айының екінші жексенбісінде атап өтілетін Мүгедектігі бар адамдар ауыны орай ұйымдастырылды.

Оған облыс әкімі Асхат Шахаров, облыстық мәслихат төрағасы Гүлқасима Сүйінтаева, сондай-ақ еліміздің бірнеше облысынан республикалық семинарға келген мәслихат төрағалары қатысты.

Турнирде облыс әкімі Асхат Шахаров мұндай іс-шаралар әрбір спортшыға рух беретінін, тең мүмкіндіктер идеяларын нығайтуға көмектесетінін атап өтті.

— Бочча турнирі — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған қағидаттардың айқын көрінісі. Президент өз Жолдауында «Мүгедектігі бар адамдардың спортпен айналысуына және өз әлеуетін жүзеге асыруына барлық жағдай жасалуы керек» деп атап өтті. Бочча спорты — ерік-жігер мен табандылықтың символы. Ол физикалық даму-ды ғана емес, рухани биіктікті, бір-біріне деген сыйластық пен өзара қолдауды дәріптейді. Бар-

ша қатысушыға жеңіс пен жарқын әсер, ал ұйымдастырушылар мен ұстаздарға алғыс білдіремін. Осындай шаралар қоғамда инклюзивті мәдениетті дамытуға, әр баланың өз орнын табуына жол ашады, — деді Асхат Шахаров.

Бұдан кейін шарада Ақтөбе қалалық сал ауруына шалдыққан азаматтарды қолдау орталығының төрағасы, Қазақстанның Еңбек Ері Құралай Байменова сөз сөйлеп, турнирдің жас буынға ерекше рух беретінін жеткізіп, қатысушыларға сөттілік тіледі.

Бочча — тірек-қимыл аппараты зақымданған адамдарға арналған паралимпиадалық спорт түрі. Бұл спорт дәлдік пен стратегияны талап ететін ойын және негізінен арбаға таңылған немесе қозғалу мүмкіндігі шектеулі спортшылар арасында ойналады.

Ақтөбедегі турнир спорттық жарыс қана емес, ерекше білім



беру қажеттілігі бар балаларды қоғам өміріне табысты біріктірудің жарқын мысалына айналды.

Ойын жылы әрі достық атмосферада өтті. Әр қатысушы өзінің шеберлігін, сабырлылығын көрсетіп, команда болып бір-біріне қолдау білдірді. Турнирге облыстық, қалалық мәслихат депутаттары және қала мектептерінен 10-16 жастағы оқушылар атсалысты. Олар тартысты ойын көрсетіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Д.ҚАЗИХАН.

Қабылқау

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТІЛЕГІ

Асхат Шахаров тұрғындардың әлеуметтік және тұрғын үйге қатысты мәселелері бойынша өтініштерін тыңдады.

Өтініш берушілердің бірі ерекше қажеттілігі бар немресін емдетуге материалдық көмек көрсетуді сұрады. Тағы бір тұрғын бау-бақша ұжымы аумағында орналасқан тұрғын үйін газға қосу мәселесін көтерді.

Үлескерлік келісім бойынша пәтер сатып алған ақтөбелік тұрғын құрылыс жұмыстарының аяқталмауына алаңдаушылық білдірді. Оған қала әкімдігі инженерлік желілерді қосу мәселесімен айналысып жатқанын хабарлады. Сондай-ақ прокуратураға жүгіну үшін құжаттар пакеті дайындалып жатыр. 2024 жылдың шілде айында күшіне енген сот шешімінің аясында прокуратура жер учаскесі мен жобалық-сметалық құжаттаманы мемлекет меншігіне қайтару туралы талап-арыз беруді жоспарлап отыр.

Тағы бір өтініш беруші өз кәсібін ашу бастамасына қолдау қажеттігін жеткізді.

Облыс әкімі тиісті органдар мен қызметтерге барлық өтініш бойынша мәселелерді мұқият қарап, қолданыстағы заңнама аясында шара қабылдауды тапсырды.

Өз тілшіміз.

Қапа

ЖОЛ ЖӘНЕ САПА

Облыс әкімі Асхат Шахаров Ақтөбе қаласында салынып жатқан жол салу және жөндеу жұмыстарымен танысты.



Алдымен Ақтөбе қаласына қарасты Жаңақоныс елді мекенінің Шестихатқа тұрғын алабында салынған жолдың жағдайын барып көрді.

Бүгінде мердігер ұйым «Ассана Дорстрой» ЖШС Едіге батыр көшесін қаланың өнеркәсіптік аймағымен қосатын ұзындығы 2 шақырым 100 метр жол құрылысын аяқтауға жақын.

Өңір басшысы мердігерге құрылыс кезінде сапаға баса мән беруді тапсырды. Компания жолдың беріктігіне кепілдік беріп отыр.

Сондай-ақ облыс әкімі Мәншүк Мәметова көшесінде атқарылып жатқан жөндеу жұмысын да қарап шықты. Мұнда «Astana Energo Hub» ЖШС орташа жөндеу жүргізуде.

Бұдан соң Асхат Шахаров 12-шағын аудандағы жаңғыртылған аула тұрғындарымен кездесіп, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

«CK NEW CITY» ЖШС жол төсемін жаңартып, жаяу жүргіншілерге арналған тротуар мен демалыс аймағын салған. Сондай-ақ көгалдандыру, жарықтандыру және тұрмыстық жайлылықты арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізген. Мердігер құрылыс жұмысын жақын күндері аяқтамақ.

Тұрғындар атқарылған іске ризашылығын білдіріп, ауланы ұқыпты ұстауға уәде етті.

А.САЙЛАУҚЫЗЫ.

Біздің оқырман

«АҚТӨБЕ» — ҰСТАЗДАРДЫҢ РУХАНИ СЕРІГІ

Бұл ғасыр — ақпарат ғасыры, қолыңдағы алақандай телефон арқылы әлемнің төрт түкпірінде не болып жатқанын оңай-ақ білуге болады. Ақпарат ағынының көптігі һәм жылдамдығы оның шынайылығына, растығына да әсер ететіні айқын. Осы ретте нағыз салмақты сөз айтатын, ұлттық құндылықтарға негізделген басылымдар аса қажет. Өңір журналистикасында облыстық «Ақтөбе» қоғамдық-саяси газетінің орны бөлек. Ұстаз ретінде бұл газетті көп жылдан бері үзбей оқимын.

«Ақтөбе» — мен үшін ақпарат көзі ғана емес, менің рухани серігім, балаларға тәрбие мен білім берудің тиімді құралы. Басылым бетінде жарық көретін мақалалар мен сұхбаттардың астарынан елге, жерге, тілге деген терең құрмет, шалқат-мәзгілді өткеннен сыр шертетін тағылымды тарих, бүгінгінің өзекті мәселелеріне деген салмақты көзқарасты байқаймын. Бүгінгідей жаһандану кезеңінде балаларды, жас ұрпақты ұлтты, жерді, елді, Отанды сүюге тәрбиелеуде мұндай мазмұнды жарияланымдардың орны бөлек.

Ұстаздық қызметімде газетте жарық көретін білім, мәдениет, тәрбие, тұлға, руханият бағытындағы мақалаларды жиі пайдаланамын. Сабақ барысында, әсіресе ашық сабақтарда, сынып сағаттарында осы мақалаларды мысал етіп, шәкірттеріммен бірге талдап, ой бөлісіп отырамын. Бұл балаларға тәрбие беріп қана қоймай, олардың газет-журнал оқу мәдениетін де арттыратыны сөзсіз.



Сонымен қатар газет бетінде жергілікті ұстаздардың еңбегі, үздік тәжірибелері, шығармашылық ізденістері туралы мақалалар да жиі жарияланады.

Бұл бізге, педагогтерге, зор шабыт сыйлайды. Әріптестеріміздің жетістіктерін көріп, қуаныч отырамыз. Мұндай мысалдар жас мамандарға да бағыт-бағдар беретіні айқын.

«Ақтөбе» газеті — ұрпақ пен уақыт арасындағы алтын көпір. Балалар өңір тарихы, өлке тынысы туралы мағлұматтарды «Ақтөбе» арқылы алады. Сондықтан алдағы уақытта да сүйікті газетімізде облысымыздағы тарихи-мәдени ескерткіштер, ел, жер атаулары туралы мақалалар, жергілікті ақын-жазушылардың шығармалары жиі жарияланса дейміз. Жүз жылдан астам тарихы бар басылым өлі де отырамын. Бұл балаларға тәрбие беріп қана қоймай, олардың газет-журнал оқу мәдениетін де арттыратыны сөзсіз.

Айнұр ЖАППАРОВА,
Ақтөбе қаласындағы
№79 орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі.